

Қазақстан Республикасы  
Алматы қ., Гоголь к-сі, 111  
тел.: +7 (727) 244-55-66  
e-mail: info@fund.kz  
Қордың сайты: www.damu.kz  
Call-центр: 1408

Республика Казахстан  
г. Алматы, ул. Гоголя, 111,  
тел.: +7 (727) 244-55-66,  
e-mail: info@fund.kz ,  
сайт Фонда: www.damu.kz  
Call-центр: 1408

№14

2021

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ШАҒЫН ЖӘНЕ ОРТА КӘСІПКЕРЛІКТІҢ ДАМУ ЖАҒДАЙЫ ТУРАЛЫ ЕСЕП  
ОТЧЕТ О СОСТОЯНИИ РАЗВИТИЯ МАЛОГО И СРЕДНЕГО ПРЕДПРИНИМАТЕЛЬСТВА В КАЗАХСТАНЕ



ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ШАҒЫН ЖӘНЕ ОРТА КӘСІПКЕРЛІКТІҢ  
ДАМУ ЖАҒДАЙЫ ТУРАЛЫ ЕСЕП

ОТЧЕТ О СОСТОЯНИИ РАЗВИТИЯ МАЛОГО И СРЕДНЕГО  
ПРЕДПРИНИМАТЕЛЬСТВА В КАЗАХСТАНЕ

№14  
2021



ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ШАҒЫН  
ЖӘНЕ ОРТА КӘСІПКЕРЛІКТІҢ  
ДАМУ ЖАҒДАЙЫ ТУРАЛЫ ЕСЕП

№ 14 ШЫҒАРЫЛЫМ

2021

«Қазақстандағы шағын және орта кәсіпкерліктің даму жағдайы туралы есеп» кітабын «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ әзірледі



Г. Бурибаева, Ф. Сарсекеев, А. Нурсейтова, А. Сатаев

**«Қазақстандағы шағын және орта кәсіпкерліктің даму жағдайы туралы есеп».**

Алматы, 2022 ж., №14 шығарылым

«Қазақстандағы шағын және орта кәсіпкерліктің даму жағдайы туралы есеп» кітабы «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ («Даму» Қоры) авторлар ұжымымен әзірленген. Есепте Қазақстандағы шағын және орта кәсіпкерлік (ШОК) секторының даму динамикасы мен жағдайы туралы толық ақпарат келтірілген. Есептің бірінші бөлімдерінде салалық және өңірлік қимадағы ШОК-тың кешенді жалпы республикалық талдауы көрсетілген. Жеке бөлім «Даму» қорының кәсіпкерлікті қолдау жөніндегі қызметінің нәтижелерін қамтиды. Есеп «Даму» қорының 2021 жылдың соңына дейін Қазақстандағы ШОК одан әрі дамыту жоспарлары туралы бөліммен аяқталады.

Барлық материал Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің және «Даму» қорының ағымдағы статистикалық деректеріне негізделген. Кітапта статистикалық деректер кесте, сурет және диаграммалар түрінде бейнеленген, бұл оны түсінуді жеңілдетеді. Үкіметтік органдарға, жергілікті атқарушы билік органдарына, жоғарғы оқу орындарына, қоғамдық ұйымдарға және бизнес құрылымдарына ұсынылады.

© Кітаптағы барлық материал (мәтіндік ақпарат және графикалық суреттер) «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ меншігі.

ISBN 978-601-7059-99-6

# М А З М Ұ Н Ы

	«ДАМУ» КӘСІПКЕРЛІКТІ ДАМУ ҚОРЫ» АҚ ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ ТӨРАФАСЫНЫҢ ҮНДЕУІ .....	4
	«ДАМУ» КӘСІПКЕРЛІКТІ ДАМУ ҚОРЫ» АҚ БАСҚАРМА ТӨРАФАСЫНЫҢ ҮНДЕУІ .....	6
<b>1 тарау</b>	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ ШАҒЫН ЖӘНЕ ОРТА КӘСІПКЕРЛІКТІҢ ЖАЙ-КҮЙІНЕ ЖӘНЕ ОНЫҢ ДАМУ ДИНАМИКАСЫНА МОНИТОРИНГ ЖҮРГІЗУ.....	8
<b>2 тарау</b>	ҚАЗАҚСТАН ӨҢІРЛЕРІНДЕГІ ШОК ДАМУ КӨРСЕТКІШТЕРІН САЛЫСТЫРУ .....	12
<b>3 тарау</b>	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ӨҢІРЛЕРІНДЕГІ ШОК СУБЪЕКТИЛЕРІНІҢ ДАМУЫН ТАЛДАУ .....	16
<b>4 тарау</b>	«ДАМУ» КӘСІПКЕРЛІКТІ ДАМУ ҚОРЫ» АҚ-НЫҢ КӘСІПКЕРЛІКТІ ҚОЛДАУ ЖӨНІНДЕГІ БАҒДАРЛАМАЛАРЫН ІСКЕ АСЫРУДАҒЫ НӘТИЖЕЛЕРІ .....	68
<b>5 тарау</b>	ШАҒЫН ЖӘНЕ ОРТА КӘСІПКЕРЛІКТІ ҚОЛДАУДЫҢ ЖАҢА ҚҰРАЛДАРЫ .....	92



## «ДАМУ» КӘСІПКЕРЛІКТІ ДАМУ ҚОРЫ» АҚ ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ ТӨРАФАСЫНЫҢ ҮНДЕУІ

### ҚҰРМЕТТІ ХАНЫМДАР МЕН МЫРЗАЛАР!

Ағымдағы жыл «Даму» Қорының 25 жылдығымен есте қалды.

Осы жылдар ішінде отандық кәсіпкерлікті дамыту үшін сенімді іргетас қаланды, оған «Даму» Қоры да елеулі үлес қосып, шағын және орта бизнес үшін сенімді серіктес болды.

Күнделікті жұмыс нәтижесінде мемлекеттік қолдаудың кешенді шараларымен қатар осы сектордың көрсеткіштері айтарлықтай жақсарды. Мәселен, соңғы 10 жылда шағын және орта кәсіпкерліктің ЖІӨ-дегі жалпы қосылған құны 20,6%-дан 33,3%-ға дейін ұлғайды. ШОБ өнімдерін шығару 2 есеге артты, ал жұмыс істеп тұрған кәсіпкерлік субъектілерінің саны 1,4 миллионға жетті. Аталған секторда экономикалық белсенді халықтың жартысынан көбі, 3,4 миллион адам жұмыспен қамтылды. Осы көрсеткіш бойынша біз ЭЫДҰ елдерінің деңгейіне жақындадық.

Дегенмен, елеулі жетістіктерге қарамастан, біздің алдымызда ұзақ әрі тынымсыз жұмыс түр. Өлемдегі сауда-экономикалық белсенділіктің төмендеуі, санкциялық текетірестер мен нарықтардың құбылмалылығы аясында мемлекет алдында жаңа сын – қатерлер, сонымен бірге отандық кәсіпкерлікті дамыту үшін жаңа ынталандырулар мен мүмкіндіктер пайда болды.

Қазақстанның жаңа экономикалық саясатының негізіне жататын осы міндеттерді шешу, оларды тиімді іске асыру шағын және орта кәсіпкерліктің белсенді қатысуымен ғана мүмкін болады.

Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев биылғы 16 наурызда «Жаңа Қазақстан» тұжырымдамасын жариялады. Ол қоғам өмірінің барлық салаларын қамтиды және адал бәсекелестікті күшейту, жеке меншікті қорғау, экономиканы

әртараптандыру және монополиясыздандыру арқылы экономиканы сапалы жаңғыртуға бағытталған. Аталған шараның барлығы бизнестің мүдделері мен құқықтарын қорғау жүйесін едәуір нығайтады, отандық кәсіпкерлер үшін кең экономикалық мүмкіндіктер жасайды.

Қазірдің өзінде салықтық ынталандыру, қолжетімді кредит беру, дайын инфрақұрылым ұсыну, экспорттаушыларды қолдау және тағы басқалар сынды шағын және орта кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау құралдарының кең жиынтығы бар.

Мәселен, 2021 жылы мемлекет тек «Даму» Қоры іске асырып жатқан бағдарламалар арқылы субсидиялау құралы бойынша 32 мыңнан астам, ал кепілдік беру құралы бойынша 17 мыңнан астам кәсіпкердің жобасына қолдау көрсетті.

2022 жылы ШОБ қолдау құралдарын іске асыру 2021–2025 жылдарға арналған кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі ұлттық жоба шеңберінде жалғастырылатын болады. Осыған байланысты кәсіпкерлікті дамытудың жаңа күн тәртібі қазіргі заманғы кәсіпкерлік экожүйесін құруға негізделеді. Бұл ретте «Даму» Қоры кешенді және тиімді қолдау құралдарын іске асыру арқылы белсенді рөл атқаратын болады.

Қорытындылай келе, микро, шағын және орта кәсіпкерлікті қолдау жөніндегі мақсатты және дәйекті саясат мемлекеттің негізгі басымдықтарының бірі болатынын атап өткім келеді, өйткені ШОБ саласы одан әрі экономикалық өсудің негізгі драйверіне айналуы тиіс.



**ЖАМАУБАЕВ Е.К.**

Премьер-Министрдің Орынбасары,  
Қазақстан Республикасының Қаржы  
министрі  
«Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ  
директорлар Кеңесінің Төрағасы



## «ДАМУ» КӘСІПКЕРЛІКТІ ДАМУ ҚОРЫ» АҚ БАСҚАРМА ТӨРАЙЫМЫНЫҢ ҮНДЕУІ

### ҚҰРМЕТТІ ХАНЫМДАР МЕН МЫРЗАЛАР!

Кәсіпкерлікті дамыту мәселелері Қазақстанда ерекше мәртебеге ие. Мемлекет жүзеге асыратын кешенді шаралар бұл саланы қолдауда негізгі рөл атқарады. Мемлекеттік қаржылық қолдау шараларының негізгі операторы «Даму» Қоры – мемлекеттік, сондай-ақ меншікті қаржыландыру бағдарламаларын іске асырады. Қор бағдарламалары бүгінде еліміздің барлық өңірін қамтиды. «Даму» Қорының негізгі қолдау құралдары – сыйақы мөлшерлемесін субсидиялау, несиелерге кепілдік беру, банктер, микроқаржы ұйымдары және лизингтік компаниялар арқылы жеңілдікпен кредит беру, сондай-ақ клиенттерді консультациялық қолдау және сүйемелдеу.

«Даму» Қорының қызметі басталғаннан бері мемлекеттік қолдауға ие болған жобалар айтарлықтай әлеуметтік-экономикалық тиімділікке қол жеткізді. Атап айтқанда, 47,6 трлн теңгенің өнімі шығарылды. Мемлекеттік қолдауға ие болған кәсіпорындар 4,0 трлн теңге салық төледі. Сонымен қатар, 797 мың жұмыс орны сақталып, 217 мың жұмыс орны құрылды. «Даму» Қоры бағдарламаларды іске асырудың барлық кезеңінде жалпы сомасы 9,2 трлн теңгеге кәсіпкерлердің 156 мыңнан астам жобасына қолдау көрсетті. Барлық құрал бойынша қолдау 2021 жылы 2020 жылмен салыстырғанда 74% -ға, 57,4 мың жобаға дейін өсті. Қаржылық қолдау сомасы 2,2 трлн теңгеге дейін ұлғайды.

«Даму» Қоры еліміздің кәсіпкерлерін қолдау үшін қолайлы жағдай жасау мақсатында өз функцияларын үнемі кеңейтіп, жетілдіріп отырады. Мәселен, өткен жылы жоспарланған бастамалар толық жүзеге асырылып, енгізілді. 2021 жылы «Даму» Қоры ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау Қорынан (АШҚҚҚ) кепілдік беру функционалын сәтті қабылдады. Өтімділігі төмен кепіл мүлкі бар ауылдық жерлер мен шағын қалалардың кәсіпкерлері несие қаражатына қол жеткізуді жалғастырды. 2021 жылдың қорытындысы бойынша мемлекеттік қолдау шараларына кәсіпкерлер тарапынан сұраныс, оның ішінде

«Даму» Қордың кредиттерді кепілдендіру және субсидиялау портфелін іске асыруы есебінен айтарлықтай өсті.

«Даму» Қордың стратегиялық міндеттерінің бірі – кредиттерге кепілдік беруге өтінімдер ағынының өсіп келе жатқанын қаперге ала отырып, цифрландыру немесе цифрлық трансформация, яғни жаңа технологияларды қолданбай және жаңа буын тәсілдерінсіз мүмкін болмайтын бизнес-процестерді одан әрі жақсарту үшін кәсіпкерлік субъектілерін қолдау қызметтерін цифрлық форматқа көшіру және жаңаларын дамыту есебінен Қорды қайта құру және жақсарту. Осыған байланысты, «Даму» Қоры 2021 жылы үш тарап – кәсіпкер, Банк және «Даму» Қоры арасында толығымен электрондық форматта кепілдік шарттарына қол қою мүмкіндігін іске асырды. Енді кепілдік шарттарына қол қою үшін клиенттерге банктің немесе «Даму» Қоры кеңсесіне келудің қажеті жоқ. Бұл техникалық жаңашылдық бизнес-үдерістерді цифрландыру бойынша кезекті қадам болды. Кәсіпкерлерге ыңғайлы болу үшін соңғы бес жылда «Даму» Қоры өз платформасы Online. Damu.kz және egov.kz. балама платформасы арқылы бизнес-үдерістерді цифрландыру бойынша жоғары көрсеткіштерге қол жеткізді.

2021 жылдың қыркүйегінде «Даму» Қоры тұрақты даму қағидаттарына бағытталған әлеуметтік облигациялардың дебюттік шығарылымын жасады. Бағалы қағаздар «Қазақстан қор биржасы» АҚ (KASE) алаңында орналастырылды және оны жергілікті институционалдық инвесторлар сатып алды. Жаңа құрал экономиканы қаржыландырудағы Environmental social governance (ESG) қағидаттарын ілгерілету жөніндегі бірлескен бастамалар шеңберінде шығарылды. Бұл облигацияларды орналастырудан түскен қаражатты Қазақстанның шағын және орта бизнес субъектілеріне одан әрі кредит беру үшін екінші деңгейдегі банктерге, микроқаржы ұйымдарына жіберуге мүмкіндік берді.

Сонымен қатар, «Даму» Қоры соңғы жылдары ESG экологиялық, әлеуметтік және корпоративтік басқару тәжірибелеріне көбірек көңіл бөлуде. Қор саясаты БҰҰ Жаһандық шартының талаптарын ескере отырып әзірленді және 2013 жылдан бастап кезең-кезеңмен енгізілуде. Осылайша, 2020 жылы «Даму» Қоры қазақстандық нарықта «жасыл» облигацияларды шығарудың пионері болды.

Қызметтің қаржылық нәтижелерінің жоспарланған деңгейіне корпоративтік басқару шеңберінде қол жеткізу

үшін «Даму» Қоры жоспарлауға және бюджеттеуге бірыңғай тәсілдерді енгізу, басқарушылық есептілік жүйесін құру, қызметтің негізгі көрсеткіштерін белгілеу бойынша жұмыс жүргізеді. Бұл өз жемісін берді. Мысалы, 2021 жылы S&P Global Ratings «Даму» Қорының рейтингін егеменді деңгейге көтеріп, теңестірді. Бұл жоғары қаржылық тұрақтылықты және ұйымның мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық дамуы, атап айтқанда, ШОБ секторын дамыту саласындағы жүйелі маңыздылығын растайды.

«Даму» Қоры 2022 жылы ел кәсіпкерлерін қолдау және дамыту, сондай-ақ өз тиімділігін, ашықтығын және есептілігін арттыру бойынша жұмысты дәстүрлі түрде жалғастыратын болады.

«Даму» Қорының негізгі міндеті, ең алдымен, кешенді және тиімді қолдау құралдарын іске асыру арқылы Қазақстандағы ШОБ-тың тұрақты сапалы дамуына жәрдемдесу. Осыған байланысты «Даму» Қоры осы саладағы қызметін тоқтатпауды жоспарлап отыр. Атап айтқанда, «Даму» Қоры экономиканың басым секторларын, сондай-ақ моно/шағын қалалар мен ауылдық жерлердегі кәсіпорындарды, ел экономикасының бәсекеге қабілеттілігін арттыру үшін жоғары қосылған құн әкелетін экономиканың өңдеуші секторларындағы отандық тауар өндірушілерді қолдауды арттыру бойынша жұмыс істеуге ұмтылады.

Бұған қоса, «Даму» Қоры ШОБ субъектілерінің шығарылатын корпоративтік облигациялары бойынша кепілдік беру құралын ұсыну арқылы Қазақстандағы қор нарығы құралдарын дамытуға белсенді қатысуға ниетті. Бұл тетік Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігімен (ҚНРДА), KASE Қазақстандық қор биржасымен және «Астана» халықаралық қаржы орталығымен (АХҚО) бірлесіп әзірленеді. Бұл іс-шараның негізгі мақсаты – кепілдік беру құралын қолдана отырып, KASE және АХҚО алаңдарында жеке және институционалдық инвесторлардың қаражаты есебінен ШОБ субъектілерін қаржыландырудың баламалы арнасын құру.

Бұдан басқа, Қор тұрақты даму жүйесінің тиімділігін арттыру мақсатында 2022 жылы тәуелсіз бағалау жүргізу және халықаралық рейтингтік агенттіктен ESG рейтингін алу үшін дайындық жұмыстарын жүргізуді жоспарлап отыр.



**БУРИБАЕВА Г.А.**  
«Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ  
Басқарма Төрайымы



1

## ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ ШАҒЫН ЖӘНЕ ОРТА КӘСІПКЕРЛІКТІҢ ЖАЙ-КҮЙІНЕ ЖӘНЕ ОНЫҢ ДАМУ ДИНАМИКАСЫНА МОНИТОРИНГ ЖҮРГІЗУ

# 2021

ҚАЗАҚСТАН ЭКОНОМИКАСЫ 2021 ЖЫЛЫ ЭКОНОМИКАЛЫҚ  
ҚЫЗМЕТТІҢ КӨПТЕГЕН КӨРСЕТКІШІ БОЙЫНША ӨСУДІ САҚТАП  
ҚАЛДЫ. СОНДАЙ-АҚ, ШОК-ТА ЗАҢДЫ ТҰЛҒАЛАРДЫҢ ҮЛЕСІ  
ӨСЕТІН СУБЪЕКТИЛЕР САНЫНЫҢ ИНСТИТУЦИОНАЛДЫҚ  
ҚҰРЫЛЫМЫН ӨЗГЕРТУ ПРОЦЕСТЕРІ ЖАЛҒАСУДА:

■ 2021 жылы жұмыс істеп тұрған ШОК субъектілерінің саны 5,5%-ға өсті және жыл соңына қарай 1432 мыңға жетті. Тіркелгендер қатарындағы жұмыс істеп тұрған ШОК субъектілерінің үлесі 84,5%, бұл 2020 жылғы көрсеткіштен 0,2 пайыз тармаққа жоғары.

■ ШОК субъектілерінің құрылымында ұйымдық-құқықтық нысандар бойынша заңды тұлға нысанындағы ШОК кәсіпорындарының саны 19,5 мыңға ұлғайды. ШОК субъектілерінің жалпы құрылымында олардың үлес салмағы 20,9%-ға дейін өсті. Осылайша, жаңа заңды тұлғаларды құру және жеке кәсіпкерлерді ЖШС етіп қайта тіркеу есебінен шағын бизнесті сапалы институционалдық дамыту жалғасуда.

■ Шағын және орта кәсіпкерлікте жұмыспен қамтылғандар саны жыл ішінде 0,1%-ға төмендеді және 3 475 адамға жетті. Жұмыспен қамтылған халық ішінде ШОК-та жұмыспен қамтылғандардың жалпы үлесі 01.01.2022 жылы ел бойынша 0,5 пайызға көтеріліп, 39,5%-ға жетті.

■ ШОК субъектілері 2021 жыл ішінде шығарған өнімдер 42,8 трлн теңгеден асты. Жыл ішінде өнім шығару нақты мәнде 18%-ға өсті. Елдің жалпы ішкі өніміндегі ШОК ЖҚҚ үлесі 2021 жылдың қорытындылары бойынша 33,3%


деңгейінде бағаланады, бұл 2020 жылдың көрсеткішінен 1,7 пайыздық тармаққа жоғары.

■ 2021 жылдың төрт тоқсанындағы деректер бойынша шағын кәсіпорындардан КТС бойынша төлемдерден түскен түсімдер 1301 млрд теңге болды. Осылайша, олардың КТС түсімдерінің жалпы сомасындағы үлесі 32,1%-ға жетті. Шағын кәсіпорындардан түсетін КТС өсімі 2020 жылмен салыстырғанда 194 %-ға артты.


■ Микро, шағын және орта кәсіпкерлікке берілген несиелер 2022 жылдың басында 5,5 трлн теңге болды, бұл экономиканы жалпы несиелеудің өсу қарқынына сәйкес келеді. Осының нәтижесінде экономикадағы несиелердің жалпы сомасындағы үлесі 27,2% деңгейінде қалыптасты.

■ ШОК секторының салалық құрылымы – сауда саласында 2010 жылдан бастап бес негізгі көрсеткіш бойынша құлдырау байқалады. Кәсіпорындар саны мен кредиттік портфельдегі үлес салмағы айтарлықтай қысқарды. Өңдеуші өнеркәсіп кәсіпорындары бойынша абсолюттік мәнде өсім байқалады (2010 жылдан бастап субъектілер саны 2 есе, жұмыспен қамтылғандар саны 25,6%, өнім шығару 3,3 есе, КТС түсімдері 3,4 есе, кредиттер 6,4 есе өсті).


### Тіркелген ШОК және ЖКС субъектілері санының динамикасы




### Жұмыс істеп тұрған ШОК және ЖКС субъектілері санының динамикасы




### ШОК-тың ЖІӨ-дегі үлесі




### КТС түсімдерінің жалпы сомасындағы шағын кәсіпорындардың КТС үлесі



### ШОК субъектілерінің ұйымдық-құқықтық бөлінісіндегі құрылымы (%-бен)




### ШОК субъектілерінің ұйымдық-құқықтық бөлінісіндегі құрылымы (мың бірл.)




### ЕДБ кредиттік қоржынының динамикасы (кезеңде)




### 2021 жылғы ЖӨӨ, млрд теңге (барлығы: 82 208,0 млрд теңге)



### Елдегі жұмыспен қамтылғандар ішіндегі ШОК-та жұмыспен қамтылғандар үлесі



### ШОК макрокерсеткіштерінің салалық құрылымы (%)



# 2021

## ШОК СЕКТОРЫ ҚЫЗМЕТІ НЕГІЗГІ КӨРСЕТКІШТЕРІНІҢ 2021 ЖЫЛҒЫ ҚОРЫТЫНДЫЛАРЫ БОЙЫНША ҚАЛЫПТАСҚАН ҚАЗАҚСТАН ӨҢІРЛЕРІНІҢ РЕЙТИНГТЕРІ:

2

### ҚАЗАҚСТАН ӨҢІРЛЕРІНДЕГІ ШОК ДАМУ КӨРСЕТКІШТЕРІН САЛЫСТЫРУ

■ 2021 жылдың соңында жұмыс істеп тұрған ШОК субъектілерінің саны бойынша Алматы және Нұр-Сұлтан қалалары, сондай-ақ Түркістан облысы көш бастап тұр. Бұл өңірлерге елдің барлық ШОК субъектісінің 36%-ы тиесілі. Жұмыс істеп тұрған ШОК субъектілерінің ең аз саны Солтүстік Қазақстан, Павлодар және Батыс Қазақстан облыстарында.

■ Тіркелген ШОК субъектілерінің жалпы санындағы жұмыс істеп тұрған ШОК субъектілерінің үлесі бойынша Түркістан, Қызылорда және Қостанай облысы бірінші орында. Жалпы алғанда, 14 өңірде ШОК субъектілерінің белсенділік деңгейі республикалық деңгейден жоғары (84,5%-дан астам).

■ Шет елдің қатысы бар немесе шет ел меншігі болып тіркелген кәсіпорындар саны жағынан ең көп шоғырланған жер - Алматы қ. Қаладағы шағын және орта кәсіпорындардың 14,5 %-ы осындай кәсіпорындар. Жамбыл облысында да шет елдің қатысы бар кәсіпорындар 12,9%. Бұл жалпыреспубликалық деңгейден 8,9% артық.

■ Гендерлік аспект бойынша Маңғыстау облысы әйелдер басқаратын ШОК субъектілерінің ең көп үлесі бар өңір (50,6 %). Сондай-ақ кәсіпкер әйелдердің үлесі жоғары өңірлерге Шығыс Қазақстан, Атырау және Қызылорда облыстары жатады.

■ ШОК-та жұмыспен қамтылғандардың жалпы саны 2022 жылдың 1 қаңтарында 3 475 адамға жетіп, жыл ішінде 0,1%-ға артты. ШОК-та жұмыспен қамтылған халықтың аймақтық таралуы біркелкі емес. ШОК жұмыспен қамтыған








адамдардың басым бөлігі Алматы қ., Нұр-Сұлтан қ., Алматы, Қарағанды және Шығыс Қазақстан облыстарында.

■ Қазақстанның бүкіл ШОК секторы шығарған өнімдер көлемі 2021 жыл ішінде 42 842 млрд теңге болды. Өнімдер шығаруда аймақтар бойынша ең үлкен үлес Алматы (10 482 млрд. теңге) және Нұр-Сұлтан (8 853 млрд теңге) қаласының ШОК субъектілеріне тиесілі. Олардың өнімдерінің көлемі елдің ШОК-тары шығарған жалпы өнімнің 45%-на тең.

■ 2021 жылдың төрт тоқсанында шағын кәсіпорындар төлеген КТС жалпы сомасы 1302 млрд теңге болды. Төлем сомалары бойынша көшбасшылар - Алматы қ., Атырау облысы, Батыс Қазақстан облысы, Нұр-Сұлтан қ., және Батыс Қазақстан облысы. Олардың шағын кәсіпорындары елдің шағын кәсіпорындарының барлық КТС түсімінің 83%-дан астамын төледі.

■ 01.01.2022 ж. жағдай бойынша ЕДБ шағын кәсіпкерлікке несиелер бойынша жиынтық несие қоржынының мөлшері 3 772 млрд теңге болды. Банктердің шағын бизнеске несие беруінің өңірлік құрылымында Алматы қ., басым позицияға ие (1 902,1 млрд теңге немесе ел бойынша шағын бизнеске берілетін несиелерді 50 %-ы). Несие қоржынының мөлшері бойынша екінші орынды Нұр-Сұлтан қ., (611,7 млрд теңге) алады. Екі қалаға да шағын бизнес сегментіндегі барлық несиелердің 67%-дан астамы тиесілі.






## ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ӨҢІРЛЕРІНДЕГІ ШОК СУБЪЕКТИЛЕРІНІҢ ДАМУЫН ТАЛДАУ

### НҰР-СҰЛТАН ҚАЛАСЫНДАҒЫ ШАҒЫН ЖӘНЕ ОРТА КӘСІПКЕРЛІК

-  1832 жылы негізі қаланды. 1997 жылғы 10 желтоқсаннан бастап – Қазақстан Республикасының астанасы
-  Ауданы 0,8 мың км<sup>2</sup>, ҚР аумағының 0,03 %-ы
-  01.01.2022 ж. халқының саны 1 239 мың адам ҚР халқының 6,5 %
-  01.01.2022 ж. экономикалық белсенді халық 608,4 мың адам
-  01.01.2022 ж. жұмыспен қамтылған халық 580,3 мың адам
-  2021 жылғы ЖӨӨ 8 418 млрд теңге ҚР ЖІӨ-нің 10,2 %
-  Нақты көлем индексі, өткен жылдың осы кезеңімен салыстырғанда 105,2 %.
-  ЖӨӨ жан басына шаққанда 6 994 мың теңге




#### НҰР-СҰЛТАН ҚАЛАСЫНЫҢ ШОК СЕКТОРЫНДАҒЫ 2021 ЖЫЛҒА НЕГІЗГІ ӨЗГЕРІСТЕР:

- Тіркелген ШОК субъектілерінің саны 9,9 %-ға, жұмыс істеп тұрған ШОК субъектілерінің саны 12,6 %, олардың үлесі 80,4 %-дан 85,3 %-ға дейін өсті;
- Салалық құрылымда қызмет көрсету (39,0 %), сауда (31,0 %) және құрылыс (12,0 %) субъектілері басым;
- ШОК-та жұмыспен қамтылған халық саны 4,3 %-ға дейін өсті. ШОК-та жұмыспен қамтылғандар үлесі жұмыспен қамтылғандардың жалпы санының 70,7 %-ынан 71,6 %-ына дейін өсті;
- ШОК субъектілерінің өнім шығаруы (салыстырмалы бағаларда) 33,4 %-ға өсті. ШОК ЖҚҚ-ның ЖӨӨ-дегі үлесі 54,2 %-дан 66,9 %-ға дейін өсті;
- Шағын кәсіпорындардың КТС бойынша шығыстары 256 %-ға өсті. Барлық кәсіпорынның КТС бойынша жалпы шығыстарындағы үлесі 32,7 %-дан 59,7 %-ға дейін өсті;
- Шағын кәсіпкерлікке несиелер портфелі 32 %-ға өсті. Оның экономика несиелерінің жалпы портфеліндегі үлесі 18,3 %-дан 24,4 %-ға дейін төмендеді.


# 2021

## НҰР-СҰЛТАН ҚАЛАСЫНДАҒЫ «ДАМУ» ҚОРЫ БАҒДАРЛАМАЛАРЫНЫҢ НӘТИЖЕЛЕРІ


Тіркелген ШОКС жалпы санындағы Нұр-Сұлтан қаласының бөлсенді ШОК субъектілерінің үлесі




Экономикалық қызмет түрлері бойынша тіркелген ШОК субъектілерінің құрылымы




ШОК-та жұмыспен қамтылғандардың жалпы санындағы Нұр-Сұлтан қаласының үлесі




Нұр-Сұлтан қаласының ШОКС және ЖӨӨ өнімдерін шығару динамикасы



Нұр-Сұлтан қаласы шағын кәсіпорындары төлеген КТС динамикасы




Нұр-Сұлтан қаласының экономика және шағын кәсіпкерлік несиелері бойынша ЕДБ несиелері портфелі



	Жыл	Жобалар саны	Кредиттер сомасы, млн теңге	
<b>НЕСИЕЛЕУ</b>	2020	254	13 847	
	2021	413	17 861	
<b>СУБСИДИЯЛАУ</b>	Жыл	Қолдау тапқан жобалар	Кредиттер сомасы, млн теңге	Субсидия сомасы, млн теңге
	2020	1 039	141 608	7 774
	2021	2 892	213 283	14 450
	<b>КЕПІЛДЕНДІРУ</b>	Жыл	Қолдау тапқан жобалар	Кредиттер сомасы, млн теңге
2020		564	18 408	7 036
2021		1 139	30 952	14 082
<b>КОНСУЛЬТАЦИЯЛАР</b>		Жыл	Консультациялар саны	Сүйемелдеу саны
	2020	1 164	497	
	2021	1 283	693	



## АЛМАТЫ ҚАЛАСЫНДАҒЫ ШАҒЫН ЖӘНЕ ОРТА КӘСІПКЕРЛІК



1854 жылы негізі қаланды.  
1929 жылдан 1997 ж. – Қазақстан Республикасының астанасы

Ауданы 0,7 мың км<sup>2</sup>, ҚР аумағының 0,03 %-ы

01.01.2022 ж. халының саны 2 025 мың адам, ҚР халқының 10,6 %

01.01.2022 ж. экономикалық белсенді халық 1 036,3 мың адам

01.01.2022 ж. жұмыспен қамтылған халық 982,8 мың адам

2021 жылғы ЖӨӨ 14 931 млрд теңге ҚР ЖІӨ-нің 18,2 %


Нақты көлем индексі, өткен жылдың осы кезеңімен салыстырғанда 105,8 %

Жан басына шаққанда ЖӨӨ 7 461,1 мың теңге


### АЛМАТЫ ҚАЛАСЫНЫҢ ШОК СЕКТОРЫНДАҒЫ 2021 ЖЫЛҒЫ НЕГІЗГІ ӨЗГЕРІСТЕР:

- Тіркелген ШОК субъектілерінің саны 6,3 %-ға өсті, жұмыс істеп тұрған ШОК субъектілерінің саны 4,6 %-ға өсті. Олардың үлесі де 68,5 %-дан 69,7 %-ға дейін ұлғайды;
- Салалық құрылымда қызмет көрсету субъектілері (41,0 %), сауда субъектілері (34,0 %) және кәсіби техн (6,0 %) басым;
- ШОК-та жұмыспен қамтылған халық саны 0,9 %-ға төмендеді. ШОК-та жұмыспен қамтылғандар үлесі жұмыспен қамтылғандардың жалпы санының 66,1%-ынан 64,0%-ына дейін төмендеді;
- ШОК субъектілерінің өнім шығаруы (салыстырмалы бағаларда) 16 % өсті. ШОК ЖҚҚ-ның ЖӨӨ-дегі үлесі 44,2 %-дан 46,5 %-ға дейін өсті;
- Шағын кәсіпорындардың КТС бойынша шығыстары 13,2 %-ға төмендеді. Барлық кәсіпорынның КТС бойынша жалпы шығыстардағы үлесі 54,9 %-дан 44,1 %-ға дейін төмендеді;
- Шағын кәсіпкерлікке несиелер портфелі 33,4 %-ға өсті. Оның экономика несиелерінің жалпы портфеліндегі үлесі 21,3 %-дан 23,3 %-ға дейін өсті.


### Тіркелген ШОК жалпы санындағы Алматы қаласы белсенді ШОК субъектілерінің үлесі




### ШОК-та жұмыспен қамтылғандардың жалпы санындағы Алматы қаласының үлесі




### Алматы қаласы шағын кәсіпорындары төлеген КТС динамикасы




### Экономикалық қызмет түрлері бойынша тіркелген ШОК субъектілерінің құрылымы



### Алматы қаласының ШОК және ЖӨӨ өнімдерін шығару динамикасы



### Алматы қаласының экономика және шағын кәсіпкерлік несиелері бойынша ЕДБ несиелері портфелі



## АЛМАТЫ ҚАЛАСЫНДАҒЫ «ДАМУ» ҚОРЫ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ НӘТИЖЕЛЕРІ

	Жыл	Жобалар саны	Кредиттер сомасы, млн теңге
<b>НЕСИЕЛЕУ</b>	2020	488	35 233
	2021	821	54 289

	Жыл	Қолдау тапқан жобалар	Кредиттер сомасы, млн теңге	Субсидия сомасы, млн теңге
<b>СУБСИДИЯЛАУ</b>	2020	1 683	279 782	14 289
	2021	3 137	304 916	25 668

	Жыл	Қолдау тапқан жобалар	Кредиттер сомасы, млн теңге	Кепілдік сомасы, млн теңге
<b>КЕПІЛДЕНДІРУ</b>	2020	632	24 495	8 308
	2021	1 254	31 114	14 629


  

	Жыл	Консультациялар саны	Сүйемелдеу саны
<b>КОНСУЛЬТАЦИЯЛАР</b>	2020	1784	567
	2021	1638	537



## ШЫМКЕНТ ҚАЛАСЫНДАҒЫ ШАҒЫН ЖӘНЕ ОРТА КӘСІПКЕРЛІК

- XII ғасырда негізі қаланды
- Ауданы 1,2 мың км², ҚР аумағының 0,04 %-ы
- 01.01.2022 ж. халқының саны 1 112,7 мың адам, ҚР халқының 5,8 %
- 01.01.2022 ж. экономикалық белсенді халық 436,3 мың адам
- 01.01.2022 ж. жұмыспен қамтылған халық 414,3 мың адам
- 2021 жылғы ЖӨӨ 2 659 млрд теңге ҚР ЖІӨ-нің 3,2 %
- Нақты көлем индексі, өткен жылдың осы кезеңімен салыстырғанда 105,4 %
- Жан басына шаққанда ЖӨӨ 2 413 мың теңге




### ШЫМКЕНТ ҚАЛАСЫНЫҢ ШОК СЕКТОРЫНЫҢ 2021 ЖЫЛҒЫ НЕГІЗГІ КӨРСЕТКІШТЕРІ:

- Тіркелген ШОК субъектілерінің саны 10,8 %-ға өсті, жұмыс істеп тұрған ШОК субъектілерінің саны 7,8 %-ға өсті. Олардың үлесі 86,8 %-дан 82,9 %-ға дейін төмендеді;
- Салалық құрылымда қызмет көрсету (36 %), сауда (37 %) және өнеркәсіп (6 %);
- ШОК-та жұмыспен қамтылған халық саны 2,3 %-ға өсті. ШОК-та жұмыспен қамтылғандар үлесі жұмыспен қамтылғандардың жалпы санының 40,9 %-ынан 41,4 %-ына дейін өсті;
- ШОК субъектілерінің өнім шығаруы (салыстырмалы бағаларда) 50,8 %-ға өсті. ШОК ЖҚҚ-ның ЖӨӨ-дегі үлесі 21,0 %-дан 42,3 %-ға дейін ұлғайды;
- Шағын кәсіпорындардың КТС бойынша шығыстары 167,2 %-ға өсті. Барлық кәсіпорынның КТС бойынша жалпы шығыстарындағы үлесі 36,7 %-дан 57,3 %-ға дейін ұлғайды;
- Шағын кәсіпкерлікке несиелер портфелі 4,2 %-ға өсті. Оның экономика несиелерінің жалпы портфеліндегі үлесі 11,9 %-дан 16,7 %-ға дейін өсті.


# 2021

## ШЫМКЕНТ ҚАЛАСЫНДАҒЫ «ДАМУ» ҚОРЫ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ НӘТИЖЕЛЕРІ


**Тіркелген ШОКС жалпы санындағы Шымкент қаласының белсенді ШОК субъектілерінің үлесі**




**Экономикалық қызмет түрлері бойынша тіркелген ШОК субъектілерінің құрылымы**




**ШОК-та жұмыспен қамтылғандардың жалпы санындағы Шымкент қаласының үлесі**




**Шымкент қаласының ШОКС және ЖӨӨ өнімдерін шығару динамикасы**



**Шымкент қаласы шағын кәсіпорындары төлеген КТС динамикасы**



**Шымкент қаласының экономика және шағын кәсіпкерлік несиелері бойынша ЕДБ несиелері портфелі**



Қызмет түрі	Жыл	Жобалар саны	Кредиттер сомасы, млн теңге	
			Кредиттер сомасы, млн теңге	Субсидия сомасы, млн теңге
НЕСИЕЛЕУ	2020	521	13 857	
	2021	531	21 356	
СУБСИДИЯЛАУ	2020	546	89 195	3 967
	2021	1 559	87 529	7 623
КЕПІЛДЕНДІРУ	2020	250	8 994	2 888
	2021	1 126	13 717	7 127
КОНСУЛЬТАЦИЯЛАР	2020	660	339	
	2021	951	761	



## АҚМОЛА ОБЛЫСЫНДАҒЫ ШАҒЫН ЖӘНЕ ОРТА КӘСІПКЕРЛІК



### АҚМОЛА ОБЛЫСЫНЫҢ ШОК СЕКТОРЫНДАҒЫ 2021 ЖЫЛҒЫ НЕГІЗГІ ӨЗГЕРІСТЕР:

- Тіркелген ШОК субъектілерінің саны 3,4%-ға өсті, жұмыс істеп тұрған ШОК субъектілерінің саны 4,3%-ға өсті. Олардың үлесі 83,5 %-дан 88,3 %-ға дейін ұлғайды;
- Салалық құрылымда сауда (35,0 %), қызмет көрсету (27,0 %) және ауыл шаруашылығы (17,0 %) субъектілері басым;
- ШОК-та жұмыспен қамтылған халық саны 0,1 %-ға өсті. ШОК-та жұмыспен қамтылғандар үлесі жұмыспен қамтылғандардың жалпы санының 33,1 %-ынан 33,3 %-ына дейін өсті;
- ШОК субъектілерінің өнім шығаруы (салыстырмалы бағаларда) 24,8 %-ға өсті. ШОК ЖҚ-ның ЖӨӨ-дегі үлесі 26,4 %-дан 28,2 %-ға дейін өсті;
- Шағын кәсіпорындардың КТС бойынша шығыстары 19,7 %-ға төмендеді. Барлық кәсіпорынның КТС бойынша жалпы шығыстарындағы үлесі 6,5 %-дан 5,6 %-ға дейін төмендеді;
- Шағын кәсіпкерлікке несиелер портфелі 25,8%-ға өсті. Оның экономикаға берілген несиелердің жалпы порт-феліндегі үлесі 18,1 %-дан 17,3 %-ға дейін төмендеді.

1939 жылдың 14 қазанында құрылды

Ауданы 146,2 мың км<sup>2</sup>, ҚР аумағының 5,4 %

01.01.2022 ж. халқының саны 734,0 мың адам, ҚР халқының 3,8 %

01.01.2022 ж. экономикалық белсенді халық 417,6 мың адам


01.01.2022 ж. жұмыспен қамтылған халық 397,0 мың адам

2021 жылғы ЖӨӨ 2 561 млрд теңге ҚР ЖІӨ-нің 3,1 %


Нақты көлем индексі, өткен жылдың осы кезеңімен салыстырғанда 103,3 %

Жан басына шаққанда ЖӨӨ 3 485 мың теңге


### Тіркелген ШОК жалпы санындағы Ақмола облысының белсенді ШОК субъектілерінің үлесі




### ШОК-та жұмыспен қамтылғандардың жалпы санындағы Ақмола облысының үлесі




### Ақмола облысы шағын кәсіпорындары төлеген КТС динамикасы




### Экономикалық қызмет түрлері бойынша тіркелген ШОК субъектілерінің құрылымы



### Ақмола облысының ШОК және ЖӨӨ өнімдерін шығару динамикасы



### Ақмола облысының экономика және шағын кәсіпкерлік несиелері бойынша ЕДБ несиелері портфелі




# 2021

## АҚМОЛА ОБЛЫСЫНДАҒЫ «ДАМУ» ҚОРЫ БАҒДАРЛАМАЛАРЫНЫҢ НӘТИЖЕЛЕРІ

	Жыл	Жобалар саны	Кредиттер сомасы, млн теңге	
<b>НЕСИЕЛЕУ</b>	2020	158	5 447	
	2021	364	6 499	
<b>СУБСИДИЯЛАУ</b>	Жыл	Қолдау тапқан жобалар	Кредиттер сомасы, млн теңге	Субсидия сомасы, млн теңге
	2020	848	43 758	2 911
2021	1199	41 302	4 932	
<b>КЕПІЛДЕНДІРУ</b>	Жыл	Қолдау тапқан жобалар	Кредиттер сомасы, млн теңге	Кепілдік сомасы, млн теңге
	2020	250	6 310	2 363
2021	464	10 816	5 753	
<b>КОНСУЛЬТАЦИЯЛАР</b>	Жыл	Консультациялар саны	Сүйемелдеу саны	
	2020	852	259	
2021	613	170		

## АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫНДАҒЫ ШАҒЫН ЖӘНЕ ОРТА КӘСІПКЕРЛІК

- 1932 жылдың 10 наурызында құрылды
- Ауданы 300,6 мың км<sup>2</sup>, ҚР аумағының 11,0 %-ы
- 01.01.2022 ж. халқының саны 906,8 мың адам, ҚР халқының 4,7 %
- 01.01.2022 ж. экономикалық белсенді халық 441,0 мың адам
- 01.01.2022 ж. жұмыспен қамтылған халық 419,8 мың адам
- 2021 жылғы ЖӨӨ 3 583 млрд теңге ҚР ЖІӨ-нің 4,4 %
- Нақты көлем индексі, өткен жылдың осы кезеңімен салыстырғанда 103,1 %
- Жан басына шаққанда ЖӨӨ 3 979 мың теңге




### АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫНЫҢ ШОК СЕКТОРЫНДАҒЫ 2021 ЖЫЛҒЫ НЕГІЗГІ ӨЗГЕРІСТЕР:

- Тіркелген ШОК субъектілерінің саны 6,8 %-ға ұлғайды, жұмыс істеп тұрған ШОК субъектілерінің саны 6,8 %-ға өсті. Олардың үлесі 86,1 %-дан 87,4 %-ға дейін өсті;
- Салалық құрылымда сауда (33,0 %), қызмет көрсету (31,0 %) және ауыл шаруашылығы (13,0 %) субъектілері басым;
- ШОК-та жұмыспен қамтылған халық саны 5,1 %-ға төмендеді. ШОК-та жұмыспен қамтылғандар үлесі жұмыспен қамтылғандардың жалпы санының 38,3 %-ынан 36,0 %-ына дейін төмендеді;
- ШОК субъектілерінің өнім шығаруы (салыстырмалы бағаларда) 31,9 %-ға өсті. ШОК ЖКҚ-ның ЖӨӨ-дегі үлесі 24,4 %-дан 24,3 %-ға төмендеді;
- Шағын кәсіпорындардың КТС бойынша шығыстары 48,7 %-ға өсті. Барлық кәсіпорынның КТС бойынша жалпы шығыстарындағы үлесі 4,6 %-дан 3,8 %-ға дейін азайды;
- Шағын кәсіпкерлікке несиелер портфелі 103,9 %-ға азайды. Оның экономикаға берілген несиелердің жалпы портфеліндегі үлесі 12,0 %-дан 19,0 %-ға дейін өсті.

# 2021

## АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫНДАҒЫ «ДАМУ» ҚОРЫ БАҒДАРЛАМАЛАРЫНЫҢ НӘТИЖЕЛЕРІ


### Тіркелген ШОКС жалпы санындағы Ақтөбе облысының белсенді ШОК субъектілерінің үлесі




### Экономикалық қызмет түрлері бойынша тіркелген ШОК субъектілерінің құрылымы




### ШОК-та жұмыспен қамтылғандардың жалпы санындағы Ақтөбе облысының үлесі




### Ақтөбе облысының ШОКС және ЖӨӨ өнімдерін шығару динамикасы



### Ақтөбе облысы шағын кәсіпорындары төлеген КТС динамикасы




### Ақтөбе облысының экономика және шағын кәсіпкерлік несиелері бойынша ЕДБ несиелерінің портфелі



Бағдарлама	Жыл	Жобалар саны	Кредиттер сомасы, млн теңге	
			Кредиттер сомасы, млн теңге	Субсидия сомасы, млн теңге
НЕСИЕЛЕУ	2020	203	8 327	
	2021	388	6 932	
СУБСИДИЯЛАУ	2020	698	30 296	2 822
	2021	2 545	67 237	5 038
КЕПІЛДЕНДІРУ	2020	567	16 628	7 260
	2021	1 911	25 398	15 170
КОНСУЛЬТАЦИЯЛАР	2020	796	442	
	2021	849	205	



## АЛМАТЫ ОБЛЫСЫНДАҒЫ ШАҒЫН ЖӘНЕ ОРТА КӘСІПКЕРЛІК



### АЛМАТЫ ОБЛЫСЫНЫҢ ШОК СЕКТОРЫНДАҒЫ

#### 2021 ЖЫЛҒЫ НЕГІЗГІ ӨЗГЕРІСТЕР:

- Тіркелген ШОК субъектілерінің саны іс жүзінде өзгерген жоқ, 5,0 %-ға өсті, жұмыс істеп тұрған ШОК субъектілерінің саны 5,3 %-ға өсті. Олардың үлесі 85,2 %-дан 86,2 %-ға дейін өсті;
- Салалық құрылымда ауыл шаруашылығы (34,0 %), сауда (26,0 %) және қызмет көрсету (25,0 %) субъектілері басым;
- ШОК-та жұмыспен қамтылған халық саны 3,8 %-ға өсті. ШОК-та жұмыспен қамтылғандар үлесі жұмыспен қамтылғандардың жалпы санының 27,5 %-ынан 28,6 %-ына дейін артты;
- ШОК субъектілерінің өнім шығаруы (салыстырмалы бағаларда) 42,5 %-ға өсті. ЖӨӨ-дегі ШОК ЖҚК үлесі 30,8 %-дан 37,5 %-ға дейін өсті;
- Шағын кәсіпорындардың КТС бойынша шығыстары 497,0 %-ға өсті. Барлық кәсіпорынның КТС бойынша жалпы шығыстарындағы үлесі 17,5 %-дан 44,5 %-ға дейін өсті;
- Шағын кәсіпкерлікке несиелер портфелі 220,6 %-ға өсті. Оның экономикаға арналған несиелердің жалпы портфеліндегі үлесі де 8,6 %-дан 15,7 %-ға дейін ұлғайды.

1932 жылдың 10 наурызында құрылды.

Ауданы 223,6 мың км<sup>2</sup>, ҚР аумағының 8,2 %

01.01.2022 ж. халқының саны 2 107,9 мың адам, ҚР халқының 11,0 %

01.01.2022 ж. экономикалық белсенді халық 1 021,5 мың адам


01.01.2022 ж. жұмыспен қамтылған халық 973,0 мың адам

2021 жылғы ЖӨӨ 4 390 млрд теңге ҚР ЖІӨ-нің 5,3 %


Нақты көлем индексі, өткен жылдың осы кезеңімен салыстырғанда 107,6 %

Жан басына шаққанда ЖӨӨ 2 098 мың теңге


### Тіркелген ШОК жалпы санындағы Алматы облысының белсенді ШОК субъектілерінің үлесі




### ШОК-та жұмыспен қамтылғандардың жалпы санындағы Алматы облысының үлесі




### Алматы облысы шағын кәсіпорындары төлеген КТС динамикасы




### Экономикалық қызмет түрлері бойынша тіркелген ШОК субъектілерінің құрылымы



### Алматы облысының ШОК және ЖӨӨ өнімдерін шығару динамикасы



### Алматы облысының экономика және шағын кәсіпкерлік несиелері бойынша ЕДБ несиелері портфелі




## АЛМАТЫ ОБЛЫСЫНДАҒЫ «ДАМУ» ҚОРЫ БАҒДАРЛАМАЛАРЫНЫҢ НӘТИЖЕЛЕРІ

	Жыл	Жобалар саны	Кредиттер сомасы, млн теңге	
<b>НЕСИЕЛЕУ</b>	2020	1 837	11 766	
	2021	864	11 470	
	Жыл	Қолдау тапқан жобалар	Кредиттер сомасы, млн теңге	Субсидия сомасы, млн теңге
<b>СУБСИДИЯЛАУ</b>	2020	499	62 212	4 806
	2021	1 538	137 873	12 615
	Жыл	Қолдау тапқан жобалар	Кредиттер сомасы, млн теңге	Кепілдік сомасы, млн теңге
<b>КЕПІЛДЕНДІРУ</b>	2020	296	13 496	5 026
	2021	982	19 712	9 628
	Жыл	Консультациялар саны	Сүйемелдеу саны	
<b>КОНСУЛЬТАЦИЯЛАР</b>	2020	456	404	
	2021	652	442	



## АТЫРАУ ОБЛЫСЫНДАҒЫ ШАҒЫН ЖӘНЕ ОРТА КӘСІПКЕРЛІК

- 1938 жылы 15 қаңтарда құрылды
- Ауданы 118,6 мың км<sup>2</sup>, ҚР аумағының 4,4 %
- 01.01.2022 ж. халқының саны 668,2 мың адам, ҚР халқының 3,5 %
- 01.01.2022 ж. экономикалық белсенді халық 334,0 мың адам
- 01.01.2022 ж. жұмыспен қамтылған халық 317,7 мың адам
- 2021 жылғы ЖӨӨ 9 991 млрд теңге ҚР ЖІӨ-нің 12,2 %
- Нақты көлем индексі, өткен жылдың осы кезеңімен салыстырғанда 105,6 %
- Жан басына шаққанда ЖӨӨ 15 077 мың теңге




## АТЫРАУ ОБЛЫСЫНЫҢ ШОК СЕКТОРЫНДАҒЫ 2021 ЖЫЛҒЫ НЕГІЗГІ ӨЗГЕРІСТЕР:

- Тіркелген ШОК субъектілерінің саны 2,5 %-ға ұлғайды, жұмыс істеп тұрған ШОК субъектілерінің саны 3,6 %-ға артты. Олардың үлесі 86,6 %-дан 87,4 %-ға дейін өсті;
- Салалық құрылымда қызмет көрсету (41,0 %), сауда (31,0 %) және құрылыс (7,0 %) субъектілері басым;
- ШОК-та жұмыспен қамтылған халық саны 5,4 %-ға төмендеді. ШОК-та жұмыспен қамтылғандар үлесі жұмыспен қамтылғандардың жалпы санының 45,1 %-ынан 42,2 %-ына дейін төмендеді;
- ШОК субъектілерінің өнім шығаруы (салыстырмалы бағаларда) 73,0 %-ға өсті. ШОК ЖҚҚ-ның ЖӨӨ-дегі үлесі 20,2 %-дан 23,5 %-ға дейін ұлғайды;
- Шағын кәсіпорындардың КТС бойынша шығыстары 110,4 %-ға ұлғайды. Барлық кәсіпорынның КТС бойынша жалпы шығыстарындағы үлесі 23,4 %-дан 19,7 %-ға төмендеді;
- Шағын кәсіпкерлікке несиелер портфелі 61,9 %-ға ұлғайды. Оның экономикаға берілген несиелердің жалпы портфеліндегі үлесі 10,3 %-дан 16,0 %-ға дейін өсті.

# 2021

## АТЫРАУ ОБЛЫСЫНДАҒЫ «ДАМУ» ҚОРЫ БАҒДАРЛАМАЛАРЫНЫҢ НӘТИЖЕЛЕРІ


Тіркелген ШОКС жалпы санындағы Атырау облысының белсенді ШОКС субъектілерінің үлесі




Экономикалық қызмет түрлері бойынша тіркелген ШОКС субъектілерінің құрылымы




ШОКС-та жұмыспен қамтылғандардың жалпы санындағы Атырау облысының үлесі




Атырау облысының ШОКС және ЖӨӨ өнімдерін шығару динамикасы



Атырау облысы шағын кәсіпорындары төлеген КТС динамикасы




Атырау облысының экономика және шағын кәсіпкерлік несиелері бойынша ЕДБ несиелерінің динамикасы



Бағдарлама	Жыл	Жобалар саны	Кредиттер сомасы, млн теңге	
			Кредиттер сомасы, млн теңге	Субсидия сомасы, млн теңге
НЕСИЕЛЕУ	2020	97	4 356	
	2021	38	1 783	
СУБСИДИЯЛАУ	2020	799	56 874	4 740
	2021	1 724	60 590	5 777
КЕПІЛДЕНДІРУ	2020	395	9 005	3 938
	2021	772	15 860	6 980
КОНСУЛЬТАЦИЯЛАР	2020	1 468	272	
	2021	1 249	255	



## ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫНДАҒЫ ШАҒЫН ЖӘНЕ ОРТА КӘСІПКЕРЛІК



### 2021 ЖЫЛҒЫ ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫНЫҢ ШОК СЕКТОРЫНДАҒЫ НЕГІЗГІ ӨЗГЕРІСТЕР:

- Тіркелген ШОК субъектілерінің саны 6,9 %-ға өсті, жұмыс істеп тұрған ШОК субъектілерінің саны 6,0 %-ға өсті. Олардың үлесі 84,9 %-дан 87,1 %-ға дейін ұлғайды;
- Салалық құрылымда сауда (34,0 %), қызмет көрсету (27,0 %) және ауыл шаруашылығы (18,0 %) субъектілері басым;
- ШОК-та жұмыспен қамтылған халық саны 1,3 %-ға өсті. ШОК-та жұмыспен қамтылғандар үлесі жұмыспен қамтылғандардың жалпы санының 35,4 %-ынан 35,9 %-ына дейін өсті;
- ШОК субъектілерінің өнім шығаруы (салыстырмалы бағаларда) 19,2 %-ға ұлғайды. ШОК ЖҚҚ-ның ЖӨӨ-дегі үлесі 16,5 %-дан 19,7 %-ға дейін өсті;
- Шағын кәсіпорындардың КТС бойынша шығыстары 30,8 %-ға ұлғайды. Барлық кәсіпорынның КТС бойынша жалпы шығыстарындағы үлесі 4,2 %-дан 4,7 %-ға дейін өсті;
- Шағын кәсіпкерлік бойынша несиелер портфелі 53,4 %-ға өсті. Оның экономикаға берілген несиелердің жалпы портфеліндегі үлесі 12,3 %-дан 15,7 %-ға дейін өсті.

1932 жылдың 10 наурызында құрылды

Ауданы 283,2 мың км<sup>2</sup>, ҚР аумағының 10,4 %

01.01.2022 ж. халқының саны 1 356,4 мың адам, ҚР халқының 7,1 %

01.01.2022 ж. экономикалық белсенді халық 701,8 мың адам


01.01.2022 ж. жұмыспен қамтылған халық 668,3 мың адам

2021 жылғы ЖӨӨ 5 218 млрд теңге ҚР ЖІӨ-нің 6,3 %


Нақты көлем индексі, өткен жылдың осы кезеңімен салыстырғанда 104,0 %

Жан басына шаққанда ЖӨӨ 3 836 мың теңге


### Тіркелген ШОК жалпы санындағы Шығыс Қазақстан облысының белсенді ШОК субъектілерінің үлесі



### ШОК-та жұмыспен қамтылғандардың жалпы санындағы Шығыс Қазақстан облысының үлесі




### Шығыс Қазақстан облысы шағын кәсіпорындары төлеген КТС динамикасы




### Экономикалық қызмет түрлері бойынша тіркелген ШОК субъектілерінің құрылымы



### Шығыс Қазақстан облысының ШОК және ЖӨӨ өнімдерін шығару динамикасы



### Шығыс Қазақстан облысының экономика және шағын кәсіпкерлік несиелері бойынша ЕДБ несиелері портфелі




## ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫНДАҒЫ «ДАМУ» ҚОРЫ БАҒДАРЛАМАЛАРЫНЫҢ НӘТИЖЕЛЕРІ

	Жыл	Жобалар саны	Кредиттер сомасы, млн теңге	
<b>НЕСИЕЛЕУ</b>	2020	337	14 294	
	2021	565	12 692	
	Жыл	Қолдау тапқан жобалар	Кредиттер сомасы, млн теңге	Субсидия сомасы, млн теңге
<b>СУБСИДИЯЛАУ</b>	2020	1 074	63 386	2 496
	2021	2 764	111 164	6 112
	Жыл	Қолдау тапқан жобалар	Кредиттер сомасы, млн теңге	Кепілдік сомасы, млн теңге
<b>КЕПІЛДЕНДІРУ</b>	2020	457	13 668	5 658
	2021	847	17 225	8 533
	Жыл	Консультациялар саны	Сүйемелдеу саны	
<b>КОНСУЛЬТАЦИЯЛАР</b>	2020	1 340	480	
	2021	1 705	286	



## ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫНДАҒЫ ШАҒЫН ЖӘНЕ ОРТА КӘСІПКЕРЛІК

- 1939 жылы құрылды
- Ауданы 144,3 мың км<sup>2</sup>, ҚР аумағының 5,3 %-ы
- 01.01.2022 ж. халқының саны 1 150,1 мың адам, ҚР халқының 6,0 %
- 01.01.2022 ж. экономикалық белсенді халық 528,3 мың адам
- 01.01.2022 ж. жұмыспен қамтылған халық 502,7 мың адам
- 2021 жылғы ЖӨӨ 2 356 млрд теңге ҚР ЖІӨ-нің 2,9 %
- Нақты көлем индексі, өткен жылдың осы кезеңімен салыстырғанда 106,6 %
- Жан басына шаққанда ЖӨӨ 2 058 мың теңге




## ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫНЫҢ ШОК СЕКТОРЫНДАҒЫ 2021 ЖЫЛҒЫ НЕГІЗГІ ӨЗГЕРІСТЕР:

- Тіркелген ШОК субъектілерінің саны 2,2 %-ға өсті, жұмыс істеп тұрған ШОК субъектілерінің саны 2,8 %-ға төмендеді. Олардың үлесі 82,6 %-дан 81,9 %-ға дейін төмендеді;
- Салалық құрылымда ауыл шаруашылығы (33,0 %), сауда (28,0 %) және қызмет көрсету (23,0 %) субъектілері басым;
- ШОК-та жұмыспен қамтылған халық саны 2,8 %-ға төмендеді. ШОК-та жұмыспен қамтылғандардың үлесі жұмыспен қамтылғандардың жалпы санының 25,3 %-ынан 24,7 %-ына дейін төмендеді;
- ШОК субъектілерінің өнім шығаруы (салыстырмалы бағаларда) 3,0 %-ға өсті. ШОК ЖҚҚ-ның ЖӨӨ-дегі үлесі 23,2 %-дан 21,5 %-ға төмендеді;
- Шағын кәсіпорындардың КТС бойынша шығыстары 28,6 %-ға төмендеді. Барлық кәсіпорынның КТС бойынша жалпы шығыстарындағы үлесі 20,1 %-дан 10,2 %-ға дейін азайды;
- Шағын кәсіпкерлікке несиелер портфелі 51,0 %-ға өсті. Оның экономикаға берілген несиелердің жалпы портфеліндегі үлесі 16,1 %-дан 17,0 %-ға дейін ұлғайды.


# 2021

## ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫНДАҒЫ «ДАМУ» ҚОРЫ БАҒДАРЛАМАЛАРЫНЫҢ НӘТИЖЕЛЕРІ


Тіркелген ШОКС жалпы санындағы Жамбыл облысының бөлсенді ШОК субъектілерінің үлесі




Экономикалық қызмет түрлері бойынша тіркелген ШОК субъектілерінің құрылымы




ШОК-та жұмыспен қамтылғандардың жалпы санындағы Жамбыл облысының үлесі




Жамбыл облысының ШОКС және ЖӨӨ өнімдерін шығару динамикасы



Жамбыл облысы шағын кәсіпорындары төлеген КТС динамикасы



Жамбыл облысының экономика және шағын кәсіпкерлік несиелері бойынша ЕДБ несиелерінің динамикасы



Қызмет түрі	Жыл	Жамбыл облысы		Қазақстан	
		Жобалар саны	Кредиттер сомасы, млн теңге	Жобалар саны	Кредиттер сомасы, млн теңге
НЕСИЕЛЕУ	2020	1748	8 708	901	66 778
	2021	709	8 102	1643	40 113
СУБСИДИЯЛАУ	2020	901	66 778	2 179	5 574
	2021	1643	40 113	3 801	8 444
КЕПІЛДЕНДІРУ	2020	300	87 779	3 801	8 444
	2021	1152	15 936	315	299
КОНСУЛЬТАЦИЯЛАР	2020	521	299	489	315
	2021	489	315	521	299



## БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫНДАҒЫ ШАҒЫН ЖӘНЕ ОРТА КӘСІПКЕРЛІК



### БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫНЫҢ ШОК СЕКТОРЫНДАҒЫ 2021 ЖЫЛҒЫ НЕГІЗГІ ӨЗГЕРІСТЕР:

- Тіркелген ШОК субъектілерінің саны 1,4 %-ға азайды, жұмыс істеп тұрған ШОК субъектілерінің саны 2,8 %-ға ұлғайды. Олардың үлесі 84,5 %-дан 86,8 %-ға дейін өсті;
- Салалық құрылымда сауда (36,0 %), қызмет көрсету (23,0 %), ауыл шаруашылығы (19,0 %) субъектілері басым;
- ШОК-та жұмыспен қамтылған халық саны 1,1%-ға өсті. ШОК-та жұмыспен қамтылғандар үлесі жұмыспен қамтылғандардың жалпы санының 33,7 %-ынан 33,9 %-ына дейін өсті;
- ШОК субъектілерінің өнім шығаруы (салыстырмалы бағаларда) 31,4 %-ға ұлғайды. ЖӨӨ-дегі ШОК ЖҚК үлесі 32,4%-дан 32,7 %-ға дейін өсті;
- Шағын кәсіпорындардың КТС бойынша шығыстары 121,4 %-ға өсті. Барлық кәсіпорынның КТС бойынша жалпы шығыстардағы үлесі 82,6 %-дан 91,3 %-ға дейін өсті;
- Шағын кәсіпкерлікке несиелер портфелі 67,3 %-ға ұлғайды. Оның экономикаға берілген несиелердің жалпы портфеліндегі үлесі 14,1 %-дан 18,2 %-ға өсті.

1932 жылы  
10 наурызда құрылды.

Ауданы 151,3 мың км<sup>2</sup>, ҚР  
аумағының 5,6 %-ы

01.01.2022 ж. халқының саны  
666,0 мың адам,  
ҚР халқының 3,5 %

01.01.2022 ж.  
экономикалық белсенді  
халық 338,7 мың адам


01.01.2022 ж. жұмыспен  
қамтылған халық 322,3  
мың адам

2021 жылғы ЖӨӨ 3 401  
млрд теңге ҚР ЖІӨ-нің 4,1%


Нақты көлем индексі, өткен  
жылдың осы кезеңімен  
салыстырғанда 98,1 %

Жан басына шаққанда  
ЖӨӨ 5 125 мың теңге


### Тіркелген ШОК жалпы санындағы Батыс Қазақстан облысының белсенді ШОК субъектілерінің үлесі




### ШОК-та жұмыспен қамтылғандардың жалпы санындағы Батыс Қазақстан облысының үлесі




### Батыс Қазақстан облысы шағын кәсіпорындары төлеген КТС динамикасы




### Экономикалық қызмет түрлері бойынша тіркелген ШОК субъектілерінің құрылымы



### Батыс Қазақстан облысының ШОК және ЖӨӨ өнімдерін шығару динамикасы



### Батыс Қазақстан облысының экономика және шағын кәсіпкерлік несиелері бойынша ЕДБ несиелер портфелі




## БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫНДАҒЫ «ДАМУ» ҚОРИ БАҒДАРЛАМАЛАРЫНЫҢ НӘТИЖЕЛЕРІ

	Жыл	Жобалар саны	Кредиттер сомасы, млн теңге	
<b>НЕСИЕЛЕУ</b>	2020	126	4 876	
	2021	156	4 901	
	Жыл	Қолдау тапқан жобалар	Кредиттер сомасы, млн теңге	Субсидия сомасы, млн теңге
<b>СУБСИДИЯЛАУ</b>	2020	1 353	71 259	2 149
	2021	2 097	85 704	3 968
	Жыл	Қолдау тапқан жобалар	Кредиттер сомасы, млн теңге	Кепілдік сомасы, млн теңге
<b>КЕПІЛДЕНДІРУ</b>	2020	397	12 279	3 440
	2021	702	12 139	5 669
	Жыл	Консультациялар саны	Сүйемелдеу саны	
<b>КОНСУЛЬТАЦИЯЛАР</b>	2020	846	265	
	2021	728	154	



## ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫНДАҒЫ ШАҒЫН ЖӘНЕ ОРТА КӘСІПКЕРЛІК

- 1932 жылы 10 наурызда құрылды
- Ауданы 428,0 мың км², ҚР аумағының 15,7 %-ы
- 01.01.2022 ж. халқының саны 1 372,1 мың адам, ҚР халқының 7,2 %
- 01.01.2022 ж. экономикалық белсенді халық 673,4 мың адам
- 01.01.2022 ж. жұмыспен қамтылған халық 643,4 мың адам
- 2021 жылғы ЖӨӨ 7 696 млрд теңге ҚР ЖІӨ-нің 9,4 %
- Нақты көлем индексі, өткен жылдың осы кезеңімен салыстырғанда 102,1 %
- Жан басына шаққанда ЖӨӨ 5 601 мың теңге




### ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫНЫҢ ШОК СЕКТОРЫНДАҒЫ 2021 ЖЫЛҒЫ НЕГІЗГІ ӨЗГЕРІСТЕР:

- Тіркелген ШОК субъектілерінің саны 4,4 %-ға ұлғайды, жұмыс істеп тұрған ШОК субъектілерінің саны 5,7 %-ға өсті. Олардың үлесі 85,7 %-дан 87,4 %-ға дейін өсті;
- Салалық құрылымда сауда (38,0%), қызмет көрсету (28,0%) және ауыл шаруашылығы (12,0%) субъектілері басым;
- ШОК-та жұмыспен қамтылған халық саны 3,8 %-ға төмендеді. ШОК-та жұмыспен қамтылғандар үлесі жұмыспен қамтылғандардың жалпы санының 39,5 %-ынан 37,9 %-ына дейін азайды;
- ШОК субъектілерінің өнім шығаруы (салыстырмалы бағаларда) 19,1 %-ға ұлғайды. ЖӨӨ-дегі ШОК ЖҚК үлесі 16,6 %-дан 15,5 %-ға дейін төмендеді;
- Шағын кәсіпорындардың КТС бойынша шығыстары 32,1 %-ға азайды. Барлық кәсіпорынның КТС бойынша жалпы шығыстардағы үлесі 15,4 %-дан 8,7 %-ға дейін төмендеді;
- Шағын кәсіпкерлікке несиелер портфелі 42,2 %-ға өсті. Оның экономикаға берілген несиелердің жалпы портфеліндегі үлесі 11,8 %-дан 13,2 %-ға дейін ұлғайды.


# 2021

## ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫНДАҒЫ «ДАМУ» ҚОРЫ БАҒДАРЛАМАЛАРЫНЫҢ НӘТИЖЕЛЕРІ


Тіркелген ШОКС жалпы санындағы Қарағанды облысының белсенді ШОКС субъектілерінің үлесі




Экономикалық қызмет түрлері бойынша тіркелген ШОКС субъектілерінің құрылымы




ШОКС-та жұмыспен қамтылғандардың жалпы санындағы Қарағанды облысының үлесі




Қарағанды облысының ШОКС және ЖӨӨ өнімдерін шығару динамикасы



Қарағанды облысы шағын кәсіпорындары төлеген КТС динамикасы




Қарағанды облысының экономика және шағын кәсіпкерлік несиелері бойынша ЕДБ несие портфелі



Бағдарлама	Жыл	Жобалар саны	Кредиттер сомасы, млн теңге	
			Кредиттер сомасы, млн теңге	Субсидия сомасы, млн теңге
НЕСИЕЛЕУ	2020	333	18 783	
	2021	393	15 161	
СУБСИДИЯЛАУ	2020	1 319	66 870	3 742
	2021	2 249	122 816	8 055
КЕПІЛДЕНДІРУ	2020	399	15 552	6 075
	2021	1 053	18 283	9 243
КОНСУЛЬТАЦИЯЛАР	2020	864	350	
	2021	867	297	



## ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСЫНДАҒЫ ШАҒЫН ЖӘНЕ ОРТА КӘСІПКЕРЛІК



### ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСЫНЫҢ ШОК СЕКТОРЫНДАҒЫ 2021 ЖЫЛҒЫ НЕГІЗГІ ӨЗГЕРІСТЕР:

- Тіркелген ШОК субъектілерінің саны 1,3 %-ға өсті, жұмыс істеп тұрған ШОК субъектілерінің саны 4,5 % өсті. Олардың үлесі 85,5 %-дан 90,3 %-ға дейін өсті;
- Салалық құрылымда сауда (35,0 %), қызмет көрсету (28,0 %) және ауыл шаруашылығы (13,0 %) субъектілері басым;
- ШОК-та жұмыспен қамтылған халық саны 1,8 %-ға төмендеді. ШОК-та жұмыспен қамтылғандар үлесі жұмыспен қамтылғандардың жалпы санының 34,9 %-ынан 33,6 %-ына дейін төмендеді;
- ШОК субъектілерінің өнім шығаруы (салыстырмалы бағаларда) 9,0 %-ға өсті. ЖӨӨ-дегі ШОК ЖҚК үлесі 28,4 %-дан 27,2 %-ға дейін төмендеді;
- Шағын кәсіпорындардың КТС бойынша шығыстары 171,4 %-ға өсті. Барлық кәсіпорынның КТС бойынша жалпы шығыстарындағы үлесі 9,1 %-дан 10,4 %-ға дейін өсті;
- Шағын кәсіпкерлікке несиелер портфелі 37,6 %-ға өсті. Оның экономикаға берілген несиелердің жалпы портфеліндегі үлесі 12,8 %-дан 14,3 %-ға дейін өсті.

1936 жылы  
29 шілдеде құрылды

Ауданы 196,0 мың км<sup>2</sup>, ҚР аумағының 7,2 %

01.01.2022 ж. халқының саны 857,9 мың адам, ҚР халқының 4,5 %

01.01.2022 ж. экономикалық белсенді халық 499,3 мың адам


01.01.2022 ж. жұмыспен қамтылған халық 475,2 мың адам

2021 жылғы ЖӨӨ 3 347 млрд теңге ҚР ЖІӨ-нің 4,1 %


Нақты көлем индексі, өткен жылдың осы кезеңімен салыстырғанда 104,1 %

Жан басына шаққанда ЖӨӨ 3 886 мың теңге


### Тіркелген ШОК жалпы санындағы Қостанай облысының белсенді ШОК субъектілерінің үлесі




### ШОК-та жұмыспен қамтылғандардың жалпы санындағы Қостанай облысының үлесі




### Қостанай облысы шағын кәсіпорындары төлеген КТС динамикасы




### Экономикалық қызмет түрлері бойынша тіркелген ШОК субъектілерінің құрылымы



### Қостанай облысының ШОК және ЖӨӨ өнімдерін шығару динамикасы



### Қостанай облысының экономика және шағын кәсіпкерлік несиелері бойынша ЕДБ несиелер портфелі




## ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСЫНДАҒЫ «ДАМУ» ҚОРЫ БАҒДАРЛАМАЛАРЫНЫҢ НӘТИЖЕЛЕРІ

	Жыл	Жобалар саны	Кредиттер сомасы, млн теңге	
<b>НЕСИЕЛЕУ</b>	2020	242	21 931	
	2021	295	15 411	
<b>СУБСИДИЯЛАУ</b>	Жыл	Қолдау тапқан жобалар	Кредиттер сомасы, млн теңге	Субсидия сомасы, млн теңге
	2020	637	44 726	2 841
2021	1 104	58 562	4 463	
<b>КЕПІЛДЕНДІРУ</b>	Жыл	Қолдау тапқан жобалар	Кредиттер сомасы, млн теңге	Кепілдік сомасы, млн теңге
	2020	354	10 111	3 817
2021	751	13 850	6 678	
